

«Жасыбай батыр» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

Бүгінде төл тарихымызды саралап қарасақ, қазақ халқы қалмақтармен (батыс монғол тайпаларымен) 200 жыл бойы соғысқан екен. Осыншама жыл, аса ұзақ болған соғыстың басты себебі: қалмақтардың қазақ жерін толық басып алып, халқымызды құл есебінде ұстау мақсаты болатын-ды. Алайда ержүрек қазақ халқының XVIII ғасырдың бірінші жартысында зеңбірекпен, мылтықпен қаруланған қалмақтарға садақпен, найзамен, шокпармен қарсы тұрып және оларды ақырында жеңіп шыққаны - тарихи шындық. Ата-бабаларымыздың осындай жанкештілік ерліктері бүгінгі ұрпақтардың әрқашанда жадында болуы абзал.

Жалпы, ашығын айтсақ, түрлі халықтар ішінде, сондай-ақ, жер жаһандағы басқа халықтардың да ішінде екі ғасырға созылған шапқыншылыққа төтеп беріп, ақыры ұлан-ғайыр даласын ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен қорғап қалған жағдай біздің халқымыздан басқа ешбір халықтың басында болмағандығы баршамыздың жүрегімізде орынды мақтаныш сезімін тудырады.

Сол бір сұрапыл заманда ұлы жеңіске жетуде қазақ жасақтарын басқарған Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақұлы Жәнібек, Шапырашты Наурызбай, Бөсентінін Малайсары, Орта жүздің батыры Толыбайұлы Олжабай т.б. көптеген ұлтымыздың мақтанышы болған атақты батырларымыздың рөлі аса зор болғандығы әмбеге аян. Қазақтың азаттығы үшін, жерін қорғап қалу жолында қандарын судай ағызған соғысында елдің бас көтерер ұлдарының бірі Жасыбай батырдың да алар орны бөлек екені айқын. 1752 жылы Жоңғар хандығының 20 мың әскері Баянаула өңірін жаулап алу мақсатымен Ертіс өзені жағынан Орта жүз жеріне басып кіреді. Сонда хан Абылай Сабындықолдың жағасына Олжабай батырдың басшылығымен қазақ жасақтарын жинайды. Осы жасақтардың үлкен бір тобын Жасыбай батыр басқарады.

Жасыбай батырдың әскері бірінші қалмақтардың алдығы шептегі әскерімен ұрысқа кірісіп, Шойындықөлдiң оңтүстік-батысындағы кең алапты аңғарда жауға күйрете соққы беріп, жеңіске жетеді. Тірі қалған қалмақтар жаппай қаша жөнеледі. Жауды өкшелей қуған Жасыбай батыр Шойындықөлдiң оңтүстігіндегі асуға шығып, сәл дем алмақ болады. Маңдайының терін сүртiп, сауығы мен дулығасын шешеді. Сол кезде аңғардағы шайқас кезінде аты мертігіп қалғандықтан қаша алмай қалып, асудағы бір тастың ығында тығылып жатқан қалмақ мергені оны садақ тартып, атып өлтіреді. Аңғал батыр құлап түсіп, басын көтереді де, жауынгерлеріне: «Менің кегімді Олжабай қайтарсын, басыма Малайсары белгі қойсын, артымда қалған жетімдеріме қарт Бөгенбай көз салсын», - деп өсиет айтады. Сөйтіп, қас батыр көз жұмады. Қазақ жауынгерлері қайыса аза тұтып, Жасыбай батырдың сүйегін асудан төбесіне қояды. Кейін халық Шойындықөле Жасыбай есімін береді,

өзі қапылыста опат болған асу да оның есімімен аталады. Жасыбай батыр Бөсентінін руы ішіндегі Бөсен атасынан былайша тарап, өрбиді: Бөсен - Матай - Өмір - Жасыбай батыр - Бұлдырық - Бесжан - Иса - Ыдырыс - Нұрке - Қайыркен - Олжас (қазіргі күні 19 жаста). Олжас Павлодар қаласында тұрады.

Жасыбай батырдың басына белгі қойып, оған ас беру үшін Екібастұз қаласының бір топ тұрғыны мен батырдың аталас ұрпақтары Распаев Сұлтанбек, Ешімов Асхат деген азаматтар «Жасыбай батыр» атты қоғамдық қор құрып, Екібастұз қаласындағы Халық банкінде есеп шот ашты.

Осы жерде газет оқырмандарына айтарымыз: келесі жылы Жасыбай батырдың туғанына 285 жыл толады. Осыған байланысты «Жасыбай батыр» қоғамдық қорының негізгі мақсаты: 2009 жылдың 1 қазанына дейін жеке тұлғалардан, кәсіпорындар мен мекемелерден Жасыбай батырдың басына ескерткіш орнатуға, оның аруағына бағыштап ас беруге қажетті қаржыны жинау жұмыстарын ұйымдастыру.

Расында, "көп түкірсе - көл" дегендей, аталмыш қорға қанша көлемде қаржы аудару әркімнің өз еркінде.

Енді қорыта айтқанда, сонау дүрбелен заманда қол бастап, ғұмыр жасы қалмақ шапқыншыларымен соғысуда өткен, ақыры бір жеңісті шайқастан кейін қапылыста жау қолынан қаза тауып, жарық дүниеден ерте қоштасқан Жасыбай батырдың ерлігі - халқымызға мұра, ұрпақтарымызға өнеге. Демек, осындай боздағымыздың есімін мақтанышпен еске алып, рухына бас иіп, мүрдесіне ескерткіш орнатылса, ол бүгінгі ұрпақтардың болашаққа қалдырар өнегелі ісі болмақ. Ендеше, іске кірісейік, ағайып!

Қаржыны мына есеп шотқа аударуға болады:

Павлодар облысы,
Екібастұз қаласы, № 369900
«Қазақстан Халықтық Банкі» АҚ
Екібастұз аймақтық бөлімшесі,
ЖСК (ИИК) 700700809
БЕК (КБЕ)18, БЖК (БИК) 193202601
«Жасыбай батыр» қоғамдық қорының мекенжайы:
Павлодар облысы,
Екібастұз қаласы,
Горняков көшесі, 3 «а» үй,
тел. 34-04-82, 35-48-44;
қалта телефон: 8-705-7690474.

Серік Жақсыбаев, «Жасыбай батыр» қоғамдық қорының президенті